«Алматы электр станциялары» АҚ-ның 2026 жылдың I жартыжылдығындағы қызметінің нәтижелері

Алматы қ. 2026 ж.

Негізгі өндірістік көрсеткіштерге шолу









Түсініктемелер:

2026 жылдың I жартыжылдығында электр энергиясын өндіру 2 578 млн. кВтсағ-ты құрады, ал 2025 жылы бұл көрсеткіш 2 703 млн. кВтсағ-қа тең болған. Орындалуы – 95%.

Өндірудің төмендеуі негізінен Қапшағай су қоймасына және УАК-не құйылудың, сондай-ақ Үлкен Алматы өзенінің бүйірлік салаларының азаюына байланысты СЭС-терде электр энергиясын өндіру көлемінің азаюымен (204 млн. кВтсағ-қа немесе 29%-ға) байланысты болды.

Бұл ретте ЖЭС-терде өндірудің 80 млн. кВтсағ-қа немесе 4%-ға ұлғаюы негізінен 2025 жылы негізгі және қосалқы жабдықтарға жөндеу жүргізілуіне байланысты 3-ЖЭО-да өндірудің артуына байланысты.

Пайда мен залал туралы есептегі елеулі өзгерістер

Миллион теңгемен	2025 ж. 1-жартыжылдығы	2026 ж. 1-жартыжылдығы	Өзгеріс	%
Жалғасатын қызмет				
Түсім	73 000	71 889	(1 110)	-1,5%
Өзіндік құн	(55 143)	(64 919)	(9 776)	17,7%
Жалпы пайда	17 857	6 971	(10 887)	-61,0%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(5 926)	(2 060)	3 866	-65,2%
Операциялық қызметтен түскен пайда/(залал)	**11 931**	**4 911**	**(7 021)**	-58,8%

Миллион теңгемен	2025 ж. 1-жартыжылдығы	2026 ж. 1-жартыжылдығы	Өзгеріс	%
Қаржыландырудан түсетін кірістер	343	373	30	8,8%
Қаржыландыру бойынша шығыстар	(1 706)	(3 981)	(2 275)	133,3%
Өзге операциялық емес кіріс/шығыс	53	188	135	255,9%
Құнсыздануданболған залал, нетто	3	(889)	(891)	
Бағамдық айырма, нетто	144	6	(138)	-95,5%
КТС есепке алынғанға дейінгі пайда/(залал)	**10 767**	**608**	**(10 159)**	-94,4%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(3 136)	(138)	2 997	-95,6%
Кезеңдегі таза пайда	**7 632**	**470**	**(7 162)**	**-93,8%**



Түсіндірмелер:
Түсімнің өзгеруінің негізгі факторлары № 4 слайдта көрсетілген;
Өзіндік құнның, ӘБШ және операциялық пайданың өзгеруі № 5 слайдта егжей-тегжейлі көрсетілген.

2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы түсімнің ұқсас кезеңдегі нақты көрсеткіштен ауытқуын талдау

Түсімнің 1 110,2 млн. теңгеге немесе 2%-ға өзгеруі.



Электр энергиясын өндіру, млн. теңгемен			
(2 477,0)	э/э сату көлемі	1 423,6	э/э-ға арналған тарифтер
ж/э өндірісі, млн теңгеде			
(806,7)	жылу энергиясын өткізу көлемі	1 334,5	ж/э-ға арналған тарифтер
Химиялық тазартылған су өндіру, млн. теңге			
72,6	химиялық тазартылған суды өткізу көлемі	(338,7)	химиялық тазартылған суды өткізу тарифі
ХОВ бойынша 2025 жылдыңқорытындысы бойынша негізсізалынған табысты қайтару			
(226,5)			
Өзге де кірістер			
(92,0)			

Есепті кезеңде негізгі қызметтен түскен кірістер 2025 жылғы ұқсас факт 72 999,7 млн. теңге болғанда 71 889,5 млн. теңгені құрады. Орындалуы 98%, 1 110,2 млн. теңгеге төмендеген.

• Электр энергиясын өндіруден түскен кіріс 3%-ға (немесе 1 562,1 млн. теңгеге) төмендеді, оның ішінде:

-2 934,2 млн. теңге – өткізілген өнім көлемінің 6%-ға төмендеуі есебінен кірістің төмендеуі (2025 ж. – 2 380,0 млн. кВтсағ, факті бойынша 2 235,5 млн. кВтсағ);

-1 372,1 млн. теңге – тарифтің 3%-ға ұлғаюы есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. – 20,32 теңге/кВтсағ, факті бойынша 20,93 теңге/кВтсағ).

•Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызмет көрсетуден түскен кіріс 455,8 млн. теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

-25,5 млн. теңге – тарифтің 0,4%-ға ұлғаюы есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. - 1 165,20 мың теңге/МВт*ай, факті бойынша 1 170,00 мың теңге/МВт*ай).

-430,3 млн. теңге – өткізілген өнім көлемінің 7%-ға ұлғаюы есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. – 824,5 МВт*ай, факті бойынша – 886,1 МВт*ай).

•Электр энергиясын ЭЭТН-да сатудан түскен кіріс 153,2 млн. теңгені, ал 2025 жылдың ұқсас кезеңіндегі факт 100,4 млн. теңгені құрады. Орындалуы 153% (52,8 млн. теңге), оның ішінде:

-26,8 млн. теңге – өткізілген өнім көлемінің 27%-ға ұлғаюы есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. – 6,7 млн. кВтсағ, факті бойынша 8,6 млн. кВтсағ);

-26,0 млн. теңге – тарифтің 20%-ға ұлғаюы есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. – 14,81 теңге/кВтсағ, факті бойынша – 17,84 теңге/кВтсағ).

•Жылу энергиясын өндіруден түскен кіріс 17 152,8 млн. теңгені құрады, ал 2025 жылдың ұқсас кезеңіндегі факт 16 625,0 млн. теңге болды. Ауытқу 3% (кірістің 527,8 млн. теңгеге ұлғаюы), оның ішінде:

-1 334,5 млн. теңге – босату тарифінің ұлғаюына байланысты кірістің ұлғаюы (2025 ж. тариф 5 393,37 теңге/Гкал-ға тең, 2026 ж. 5 848,38 теңге/Гкал-ға тең);

-806,7 млн. теңге – өткізілген жылу энергиясы көлемінің төмендеуі (2025 ж. 3 082,5 мың Гкал өткізілді, 2026 ж. 2 932,9 мың Гкал өткізілді);

•Химиялық тазартылған суды өндіруден түскен кіріс 1 530,9 млн. теңгені құрады, ал 2025 жылдың ұқсас кезеңіндегі факт 2 023,5 млн. теңге болды. Орындалуы 76%. Ауытқу 492,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

-338,7 млн. теңге – суға тарифтердің төмендеуіне байланысты тарифтің 16%-ға төмендеуі есебінен кірістің төмендеуі (2025 ж. – 132,41 теңге/тонна, факті бойынша – 111,01 теңге/тонна);

-72,6 млн. теңге – өткізілген өнім көлемінің 4%-ға өсуі есебінен кірістің ұлғаюы (2025 ж. – 15 282,5 мың тонна, факті бойынша – 15 831,0 мың тонна);

Сондай-ақ ХТС бойынша кірістердің төмендеуіне 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізсіз алынған кірісті 226,5 млн. теңге сомасында қайтару әсер етті.

•Өзге де кірістер 42,8 млн. теңгені құрады, ал ұқсас кезеңдегі факт 134,8 млн. теңге болды. Ауытқу 92,0 млн. теңгені (68%) құрады. Негізгі ауытқу 2025 жылы «АлТС» АҚ тұтынушыларына 88,4 млн. теңге сомасында қаражатты қайтарумен байланысты.

Операциялық тиімділікті талдау



Операциялық пайданың өзгеруінің негізгі факторлары:
1 110,2 млн. теңге – түсімнің азаюы
(9 776,4) млн. теңге - өзіндік құнның өсуі, оның ішінде:

- **(4 249,7 млн. теңге) Отын:** көмір, газ, мазут бағасының және көлік шығыстарының қымбаттауына байланысты;
- **(2 290,4 млн. теңге) ЕТҚ:** 2026 жылғы индекстеудің әсері;
- **(2 375,8 млн. теңге) НҚ амортизациясы:** күрделі салымдардың өсуіне және тарату қоры бойынша өзгерістерге байланысты (инфляция және дисконттау ставкаларының өзгеруі);
- **(119,3 млн. теңге) Бөгде ұйымдар орындаған өндірістік сипаттағы басқа да жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және жалдау ақысы:** инфляциялық өзгерістердің әсеріне байланысты қымбаттау;
- **Есепті кезеңдегі жалпы және әкімшілік шығыстардың төмендеуі 3 865,9 млн. теңгені құрады**. Негізгі төмендеу сот шешімі бойынша («Prime Energy Resources» ЖШС өтініші шеңберінде табыстың 5%-ы) 4 429,6 млн. теңге сомасында айыппұлды есепке жазумен және төлеумен байланысты.

Операциялық пайда, млн теңге

